

**Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтерінің  
«Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту:  
үрдістері, мәселелері, келешегі» тақырыбындағы съезі туралы  
АҚПАРАТ**

**Өткізілген күні:**

25 ақпан 2022ж

**Өткізілген орны:**

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (секция жұмыстары)  
«BOLASHAQ SARAIY» (пленарлық отырыс)*

2022 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтеріне арналған «Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: үрдістері, мәселелері, келешегі» тақырыбында съезд өткізілді.

Съезд жұмысына **370 делегат** қатысты. Съезд жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің мамандары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшылары, жауапты мамандары, облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімдерінің мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен педагогтері, жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің оқытушылары, біліктілікті арттыру институтының мамандары, педагогикалық шеберлік орталығының мамандары, Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар қорының (ЮНИСЕФ), үкіметтік емес ұйымдар, 4 ассоциация делегаттары мен баспалардың өкілдері қатысты.

Съезд жұмысы 2 бөлімнен тұрды: пленарлық отырыс және секция жұмыстары.

Төрт секция жұмысы келесі тақырыптарда ұйымдастырылды:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері және оның мазмұны»;
- «Сапа өлшемшарттары және менеджмент»;
- «Ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы»;
- «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі».

Съезд барысында Мәскеу қалалық педагогикалық университеті және Ресей ғылымдары академиясының И.П. Павлов атындағы физиология институтының сарашыларымен онлайн трансляция жүргізілді.

Сонымен бірге, 4 секцияның бәріне ортақ спикерлер аса маңызды келесі тақырыптарды түсіндіріп, пікір алмасты:

- 1) мазмұн сабақтастығы;
- 2) МДҰ аттестациясы;
- 3) инклюзивті және арнайы білім беру;
- 4) педагогтердің білім жетілдіруі.

4 секциядағы қосымша спикерлер:

1. Майра Турганбаевна Мелдебекова, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары. Мектепке дейінгі ұйымды аттестаттауға дайындау жөніндегі жұмыс жүйесі

2. Жумагуль Тлеуовна Тасжурекова, п.ғ.к., доцент, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының зерттеу бөлімінің басшысы. Инклюзивті білім беруге ерте араласу

3. Бижан Курмангалиевна Игенбаева, п.ғ.к., доцент Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА Мектепалды даярлық және бастауыш білім беру зертханасының меңгерушісі. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы

4. Асель Зейнуллоевна Мухамеджанова, Республикалық «Өрлеу» Білімділікті арттыру институты АҚ төрайымы, МДҰ педагогтерінің білімін жетілдіру мәселелері

Пленарлық отырыс ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетовтің құттықтау сөзімен ашылды.

Пленарлық отырысқа жазылған 6 баяндамашының сөзі тыңдалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнының бірқатар өзекті мәселелері туралы п.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті Фатима Ниязбековна Жумабекова баяндама жасады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың кейбір түйткіл тұстары».

2. Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау туралы ҚР-дағы ЮНИСЕФ-тің білім беру жөніндегі бағдарламалардың жетекшісі Татьяна Алексеевна Адерикина толық тоқталды. Тақырыбы: «Жоспарлау және мониторинг арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру».

3. «BilimInvest» білім беру саласындағы инвесторлардың Ұлттық Қауымдастығының вице-президенті Куләнда Уалихановна Батырбекованың баяндамасында жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысы және сапаға қол жеткізудің жолдары туралы айтылды. Баяндама тақырыбы: «Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар жұмысын жетілдірудің негізгі мәселелері және келешегі» деп аталды.

4. Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығының төрағасы Лейла Искандеровна Куленова қазіргі таңдағы тәрбиешінің қоғамдағы орны туралы айтты. «Заманауи тәрбиеші - оның рөліне қоғамның әсері».

5. Нұр-Сұлтан қаласы, №7 «Аққу» балабақшасының меңгерушісі Айман Дахаровна Джуматаева мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығы туралы баяндады. «Мектепке дейінгі ұйымның танымдық кеңістігін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері».

6. МДҰ-дағы менеджмент, басқарушылық деңгейінің сапаға қол жеткізудегі рөлі туралы «Әділет» жекеменшік ұйымдар ассоциациясының төрайымы Динара Нұрғалиевна Құдайқұлова баяндады. «Мектепке дейінгі ұйым басшысының құзіреттілігі – сапа кепілі».

Ары қарай жұмыс «Еркін микрофон» форматында жалғасты. Секция жұмыстарын қорытындылауға 4 модератор Жиенбаева С.Н., Кийкова Г., Ибрагимова Г., Искакова Г. шықты және 8 делегат залдан сөз алды.

«Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың инновациялық технологиялары» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеде 4 баспа («Алматыкітап», «Шұғыла», «Арман-ПВ», «OrdaGen») өздерінің МДҰ арналған оқу-әдістемелік кешендерін таныстырып, ұсынды. Сонымен бірге, 5 компания өздерінің балабақшаларға арналған ресурстары мен контенттерін таныстырды.

Съезд жұмысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту бағыттары, мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі, мектепке дейінгі білім беру саласында мамандар даярлау, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы және басқа да мәселелер жан-жақты талқыланды.

**Съезд жұмысының қорытындысы бойынша келесі қарар қабылданды:**

### **1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына**

- Балаларды ерте жастан дамыту институтымен бірлесіп мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлерінің білім беру бағдарламаларын қайта қарау және білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету.
- Бағдарламалардың мазмұны бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру.

### **2. «Өрлеу» БАҰО**

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруға сәйкес мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын қайта қарау.
- Курстан кейін практикада қолдану үшін мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің педагогикалық қоржынына арнайы «кейстер» дайындау.
- Педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеуді күшейту.

### **3. Балаларды ерте дамыту институтына**

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын сапалы трансформациялау үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу бағдарламасын, Үлгілік оқу жоспарларын қайта қарау және олардың икемділігін қамтамасыз ету.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын зерттеуді аяқтау және сапаны бағалау өлшемшарттарын әзірлеу.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың әзірленген құралдарын пилоттау.

- Жергілікті жерлерде мектепке дейінгі ұйымдар базасында құзыреттілік орталықтарын құру, әдістемелік кабинеттер базасында мобильдік топтар құру, ЖОО-мен және колледждермен ынтымақтастықты күшейту арқылы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруды әдістемелік сүйемелдеу.

#### **4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне, ЖОО-на**

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде педагогтерді даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын қайта қарау.

- Дуалды оқыту шеңберінде педагогикалық практиканы күшейту.

- Педагогикалық жоғары оқу орындарының кафедраларында «ерте дамыту» зертханаларын құру.

- Ресурстық база құру, ол үшін мектепке дейінгі ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту.

#### **5. Мектепке дейінгі және орта білім комитетіне**

- НҚА-ге балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды күшейту бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Үлгілік оқу жоспарларын, Үлгілік оқу бағдарламасын қарау және бекіту.

- Тәрбиешінің, ассисенттің, әлеуметтік күтушінің қосымша штат бірліктерін енгізу бойынша ҚР Үкіметінің №77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.

- Мектепке дейінгі білім беруде ваучерлік қаржыландыруға көшуді нормативтік қамтамасыз ету.

Съезд материалдарын [irrd.kz](http://irrd.kz) Институт сайтынан «Іс-шаралар туралы ақпарат» айдарындағы «Конференциялар» папкасында таба аласыздар.

Съездің тікелей эфирінің сілтемелері

<https://fb.watch/bpv7n-bcsX/>

<https://fb.watch/bpv9rXPnjf/>